

**Қазалы аграрлы – техникалық колледжінде
өткізілген сыбайлас жемқорлыққа байланысты жиналыстың
ХАТТАМАСЫ №4**

Күні: 20 желтоқсан 2024 жыл

Қатысқандар: Қазалы аграрлы – техникалық колледжі әкімшілігі, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері

КҮН ТӘРТІБІ:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлық туралы ұғымды түсіндіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша шараны жетілдіру, оқытушылар мен студенттер арасында заңдылық пен жемқорлыққа қарсы тәртіп орнату, сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қарсы әрекет ете білу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша колледж директоры А.Мусаев сөз алып, күн тәртібіндегі мәселеге тоқталды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы және басқа да адамдардың, сондай-ақ, оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жолдарын белгілейді. Сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімді нығайтуға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған. Сондықтан осы өзекті мәселені түпкілікті шешу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттердің алдын алу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуі тиіс. Білім алу барысында сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және әділеттік пен тұрақтылық принциптерін қамтамасыз ететін колледж студенттерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру жүзеге асырылады. Оның ішінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғатын себептер мен жағдайларды жою;
2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;
3. Колледж аясында адал, ашық, әділ бәсеке мен әділдікті қамтамасыз етудің тақырыптар бойынша студенттерге баяндама жасалып, олардың ойы тыңдалады.

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдіру үстінде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. (9-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру)

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Келесі сөз кезегі директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Ш.Баекееваға берілді.

«Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі жастарды бала кезінен тәрбиелеу болып табылады. Барлық білім беру мекемелерінде жемқорлықта болдырмау мен алдын алуға арналған іс-шаралар өткізіліп тұрады.

Сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттері:

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.
- 2.Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.
- 3.Оқу-білім үрдісінде оқушылар мен оқытушылар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр оқытушы білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әртүрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.

ҚАУЛЫ:

1. «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының талаптарын орындау барлық ұжым мүшелеріне міндеттелінсін.
2. Қысқы сессия кезінде аралық аттестаттау сынақ, емтихандар бекітілген мерзімде талапқа сай өткізу және емтихан кестесі бойынша тәуелсіз комиссия мүшелері, «Саналы ұрпақ» ұйымының білім алушылары бақылаушы ретінде қатыстырылсын.
3. Барлық ұжым мүшелеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңды ұстану қаперге алынсын.

Жиналыс төрағасы

А.Мусаев

Жиналыс хатшысы

Ш.Баекеева

